



Құрметті әріптестер!

Мамыражай мамыр айы – ұлы мерекелерге толы. Күні кеше 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мейрамын атап өттік. Алдымызда 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс мерекесі күтіп тұр.

Ұрпақтар сабақтастығын, Отанға қызмет ету ісінің абыройын айғақтайтын соңғы қос мереке бір-бірімен тығыз байланысты. Соның ішінде Ұлы Жеңіс күнінің мәртебесі биік. Аға ұрпақтың жанқиярлық ерлігімен келген қасиетті мейрам өшпес тарихымыздың ұмытылмас бір парағы болып қала бермек. Бүгінгі өскелең ұрпақ рухты ерлердің қаһармандығы мен қайсарлығынан үлгі алып, бой түзейді.

Айбынды мереке саналатын Отан қорғаушылар күнінің де маңызы зор. Аға буынның ізін жалғаған Отан қорғаушылар тәуелсіз еліміздің тыныштығы мен бейбіт

өмірімізді күзетіп, халқымызға қорған болуда. Бар ғұмырын әскери салаға арнап, өз қызметтерін мінсіз атқарып жүрген әскери қызметкерлер қандай құрметке де лайық. Олардың қатарында Жәңгір хан университеті жанындағы «Әскери кафедрасының» қызметкерлерін де атап өтуге болады. Білім алушыларға патриоттық және отансүйгіштік тәрбие беруде, еліміздің Қарулы күштерінің қатарына жас сарбаздарды дайындауда әріптестеріміздің еңбегі зор деп білемін.

Баршаңызды осы айтулы мереке-лермен шын жүректен құттықтаймын. Әрқашанда аспанымыз ашық болып, еліміздің тыныштығы бұзылмасын. Ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге толағай табыстар тілеймін!

А.М.НАМЕТОВ,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ
басқарма төрағасы-ректор



Защита Родины – священный долг

7 мая – официальный день создания в Казахстане вооруженных сил и является государственным праздником.



Армия призвана защищать народ, независимость и суверенитет государства. Этот день олицетворяет одновременно летопись героических подвигов казахстанцев и преемственность традиций служения Отечеству. Этот праздник, который призван повысить престиж и имидж Вооруженных Сил Республики Казахстан как внутри страны, так и за ее пределами.

Казахстан на протяжении 30 лет развития своей государственности всегда уделял особое внимание укреплению обороноспособности страны, строительству современной и профес-

сиональной армии.

Вооруженные силы Республики Казахстан отличаются высоким уровнем интенсивности боевой подготовки, качественным мобилизационным резервом, сетью национальных военных учебных заведений и необходимым материально-техническим обеспечением. Наши военнослужащие демонстрируют пример высокой профессиональной подготовки, слаженности и боевой выучки.

Служба в рядах Вооруженных сил стала почетной обязанностью каждого казахстанца, мощной нравственной школой патриотизма, основанной

на героических и боевых традициях старших поколений. Совсем не просто соответствовать требованиям воинского долга, поэтому службу в армии всегда выбирают волевые и мужественные люди. Все они заслуживают самых искренних поздравлений в этот день.

Выражаю огромную благодарность ветеранам и поколению людей, которые научили молодое поколение никогда не сдаваться, отстаивать честь и суверенитет родной страны. 7 мая и 9 мая День Победы, эти дни народ Казахстана празднует с особой гордостью и уважением, отдавая дань вашему героизму!

Каждый мужчина — защитник своей страны и семьи. Поэтому особую благодарность хочется выразить мамам, воспитавших настоящих мужчин!

Всех кто служил, у кого служат близкие, всех казахстанцев поздравляю с 30 летием Вооруженных сил и всем желаю выдержки, стойкости, веры в прекрасное будущее. Пусть будет ясным небо над головой, светлыми будут мысли! Пусть в ваших семьях царит благополучие, взаимопонимание, а на работе сопровождает успех!

Аскар КОНИРОВ,
начальник военной кафедры,
полковник

Мен – қазақпын



Мен – қазақпын жасымас жаудың алдында, Қасқайып тұрып, қасқайып кетер нар тұлға. Жұлқынып тұрған жүрегін билер қайсарлық, Бас иер әлі барлығы «Менің» алдымда.

Мен – қазақпын қаһарын шашқан ғаламға, Соқпақты кештім киіммен де, жалаң да. Өзге емес, шіркін, тарихым сөйлер мен үшін, Расталар бұным зұлматтар өткен даламда.

Мен – қазақпын ерттеп мінген жылқыны, Есіле шапқан, дес бермей жауға жұлқынып. Естіген кезде Қазағым жайлы жылы сөз, Тұрады жүрек бағынбай маған бұлқынып.

Мен – қазақпын, көсіліп жатқан бар далам, Дана халқым мен бабалар даңқын жалғаған. Мен – қазақпын, жырлаймын бұны талмастан, Ел болам әлі әлемнің жадын жаулаған.

Қазақтығымды сезіне қоймас басқалар, Даңқымды мынау, бойымды толық басқарар. Қас қылмақ болып еліме қарсы шапқандар, Жанарларыңда өкініш болып жас қалар.

Омархан НИЯЗ,
студенттік ректор